

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазандағы N 1030 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 45 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.23. N 45 Қаулысымен.

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумның 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманың ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Зағипа Яхияқызы Балиеваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.20. N 482 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттама

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының (бұдан әрі - Шарт) Тараптары болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың конституциялық құқықтарын Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қамтамасыз ету тиістігін тани отырып,

"Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдалану бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігін растай отырып,

Тараптар мемлекеттерінің мүдделерін өзара құрметтеу қағидатын негізге ала отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Шарттың 6-бабы 6.12-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ресей Федерациясы мен оның азаматтарына қарсы олар заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда Ресей Федерациясының әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және ведомстволық күзеттің қарулы қарауылдарына, "Байқоңыр" кешені шегінен тыс қызметтік міндеттерді орындауға байланысты жасалған әскери қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қатысты заңи құзыретін Ресей Федерациясы жүзеге асырады. Өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады."

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Шарттың 11-бабының 11.4-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2004 жылғы _____ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін